

## БӨЛІМ: ФИЗИКА

## Динамика негіздері

ЖАРИЯЛАНДЫ  
20.12.2020СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/87538/

## Динамика

1. Денелердің өзара әрекеттесу дегеніміз:

- А) Денелердің бір-біріне әрекет етуі В) Денелердің бір-біріне әрекет етпеуі  
С) Денелердің қозғалысы Д) Денелердің өлшемдерінің өзгеруі Е) Денелердің өзара үйкелісі.

2. Бірліктердің халықаралық жүйесіндегі массаның бірлігі:

- А) тонна В) грамм С) миллиграмм Д) килограмм Е) центнер

3. Заттың көлем бірлігіндегі массасына тең физикалық шаманы қалай айтады?

- А) заттың көлемі В) заттың тығыздығы С) заттың массасы  
Д) дененің салмағы Е) дененің күші

4. Денелердің өзара әрекеттесуін сипаттайтын физикалық шама:

- А) жылдамдық В) жол С) күш Д) тығыздық Е) масса

5. Күштің әрекеті тоқтағаннан кейін, дене өзінің бастапқы пішіні мен өлшемін өзгертетін болса, мұндай деформация қалай аталады?

- А) пластикалық В) серпімді С) серпімсіз Д) үйкеліс Е) теңәсерлі

6. Заттың тығыздығы қай формуламен анықталады?

- А)  $\rho = v \cdot t$  В)  $\rho = m/v$  Е)  $\rho = m + v$  Д)  $\rho = v/m$  С)  $\rho = m \cdot v$

7. Күшті өлшейтін құрал:

- А) манометр В) ареометр С) вольтметр Д) динамометр Е) барометр

8. Қандай жағдайда теңәрекетті күш нөлге тең болады? ( $F_R = 0$ )

- А)егер денеге бір бағытта, мәндері бойынша тең екі күш әрекет ететін болса
- В)егер денеге мәндері бойынша тең, ал бағыттары қарама-қарсы екі күш әрекет етсе
- С)егер денеге мәндері тең емес, қарама-қарсы бағытта екі күш әрекет етсе
- Д)егер денеге бір бағытта және мәндері тең емес екі күш әрекет етсе
- Е)егер денеге мәндері бойынша тең емес, әр-түрлі бағытта бірнеше күш әрекет етсе
9. Бүкіләлемдік тартылыс заңын кім тұжырымдады?
- А)Ньютон В)Архимед С)Паскаль Д)Аритотель Е)Гук
10. Ауырлық күші дегеніміз не?
- А)Денелердің тебілу күші В)Электромагниттік күш С)Магниттік күш
- Д)Үйкеліс күші Е)Денелердің жерге тартылу күші
11. Мрамордың тығыздығы  $2,7 \text{ г/см}^3$  оны  $\text{кг/м}^3$  өрнекте
- А) $2,7 \cdot 10^2 \text{ кг/м}^3$  В) $2,7 \cdot 10^3 \text{ кг/м}^3$  С) $27 \cdot 10^3 \text{ кг/м}^3$  Д) $2,7 \cdot 10^{-3} \text{ кг/м}^3$  Е) $0,27 \cdot 10^3 \text{ кг/м}^3$
12. Денеге әрекет ететін ауырлық күші  $0,49 \text{ кН}$ . Ол дененің массасы қандай?
- А) $0,5 \text{ кг}$  В) $5 \text{ кг}$  С) $50 \text{ кг}$  Д) $500 \text{ кг}$  Е) $0,49 \text{ кг}$
13. Массасы  $2 \text{ кг}$  денеге Айда  $3,2 \text{ Н}$  ауырлық күші әрекет етеді. Массасы  $50 \text{ кг}$  адамның Ай бетіндегі салмағы қандай?
- А) $80 \text{ Н}$  В) $8 \text{ Н}$  С) $50 \text{ Н}$  Д) $800 \text{ Н}$  Е) $0,8 \text{ Н}$
14. Төменде берілген массасы  $m$  білеуге әсер ететін екі күштің шамалары мен бағыттары бойынша олардың теңәрекетті күшін анықта:
- $20 \text{ Н}$
- $50 \text{ Н}$
- А) $70 \text{ Н}$ , оңға В) $50 \text{ Н}$ , оңға С) $20 \text{ Н}$ , солға Д) $30 \text{ Н}$ , оңға Е)0-ге тең
15. Серіппе тірекке вертикаль бекітіліп,  $210 \text{ Н}$  күш әрекетінен  $70 \text{ мм}$ -ге ұзарған. Серіппеге қосымша  $120 \text{ Н}$  күш түсірілді. Серіппенің жалпы ұзаруын табындар.
- А) $4 \text{ м}$  В) $11 \text{ м}$  С) $0,11 \text{ м}$  Д) $110 \text{ см}$  Е) $4 \text{ см}$

16. Дененің өзі жанасып тұрған бетке тік бағытта түсіретін күшті қалай атайды?

A)Үйкеліс күші B)Серпімділік күші C)Архимед күші D)Тарту күші E) Нормаль қысым күші.

17.Екі дененің массаларының қатынасы олардың өзара әрекеттесуі кезінде тыныштық күйден шыққанда алатын жылдамдықтарының қатынасы:

A) $m_2/m_1=v_2/v_1$  B) $m_1/m_2=v_1/v_2$  C) $m_1/m_2=v_2/v_1$  D) $m_1/m_2=v_1*v_2$  E) $m_1/v_1=m_2v_2$

18.Бала массасы 3кг болатын шананы мұзбен тартып келеді.Мұз бен шана арасындағы үйкеліс коэффициенті 0,05. Бала шананы қандай күшпен тартып келеді?

A)15H B)1,5H C)150H D)0,15H E)1500H

19.Массасы 50кг шкафты орнынан жылжыту үшін 200H күш жұмсау керек.Үйкеліс коэффициенті неге тең?

A)40 B)4 C)400 D)0,4 E)0,04

20.Үйкелісті азайтудың жолдарына жатпайтыны:

A)Негізі резенке болатын заттарды пайдалану B)Үйкеленетін беттерді өндеу  
C)Үйкеленетін беттерді майлау D)Үйкеленетін беттерді тегістеу  
E)Подшипниктерді пайдалану

21.  $600\text{кг}/\text{м}^3$  ұзындығы 4см, ені 2см, қалыңдығы 1см платина кесегінің массасын анықта. (3)

A)172кг B)0,172кг C)17,2кг D)1,72кг E)2кг

22.Коньки киген екі бала бір-бірінен кері итеріліп, қарама-қарсы жаққа қарай сәйкес 4 және 5м/с жылдамдықтармен сырғанап кетті. Бірінші баланың массасы 45 кг. Екінші баланың массасы неге тең?

A)3,6кг B)45кг C)40кг D)36кг E)50кг

23.Резенке таспаның қатандығы  $3,5*10^4$  Н/м. Егер таспаға 7кН күш әрекет ететін болса, онда ол қандай шамаға созылады?

A)2м B)2см C)0,2см D)0,2м E)2мм

24.Көлемі  $100\text{см}^3$ , ал тығыздығы  $2000\text{кг}/\text{м}^3$  тастың салмағы қандай?

A)20H B)0,2H C)1,96H D)200H E)0,02H

25.Массасы 60кг шкафты орнынан жылжыту үшін қанша күш жұмсау

керек? Үйкеліс коэффициенті 0,4-ке тең.

A) 2,35H B) 23,5 C) 0,23 D) 235,2H E) 2352H

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.